

**Мұнайлы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 қазандағы № 6/41 "Мұнайлы ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2024 жылғы 31 мамырдағы № 16/96 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 7 маусымда № 4714-12 болып тіркелді

Мұнайлы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Мұнайлы ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы" Мұнайлы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 23 қазандағы №6/41 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4631-12 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімге 1 қосымшада:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;" ;  
орыс тіліндегі 6 тармақтың бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мұнайлы аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Билялов